Утверждено
приказ № 01-017092/790 от 10.11.2026 г.

20___жылғы «___»_____№_____ Шарт шеңберінде «Forte _____» тарифтік жоспарын ұсыну туралы келісім

_____қ. 20___ж. «____»_____

Бұдан әрі **«Банк»** деп аталатын **«ForteBank» акционерлік қоғамы,** оның атынан 20___ жылғы «____»_____ №_____ сенімхат негізінде әрекет ететін _____ арқылы бірінші тараптан және бұдан әрі **«Клиент»** деп аталатын _____, оның атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ арқылы екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп, ал жеке-жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе «Тарап» деп аталатындар, осы 20___жылғы «___»_____ №___ Шарт шеңберінде (бұдан әрі – Шарт) «Forte _____» тарифтік жоспарын ұсыну туралы келісімді (бұдан әрі – Келісім) төмендегілер туралы жасады:

1. Шарт шеңберінде Банк Клиентке Клиент таңдаған **«Forte _____» тарифтік жоспарын (бұдан әрі – Тарифтік жоспар)** пайдалану құқығын береді, ал Клиент осы Келісімде көзделген мерзімде және талаптарда осындай құқықты ұсынғаны үшін алдын ала төлем енгізуге міндеттенеді.
2. Тарифтік жоспар аясындағы қызметтер мен операциялардың құрамы, арнайы тарифтер, комиссиялар, лимиттер және қызмет көрсетудің өзге де талаптары осы Келісім жасалған күні қолданыста болатын әрі Банктің ресми интернет-ресурсында орналастырылған Банктің Тарифтер жинағымен айқындалады.
3. Тарифтік жоспардың қызметтер құрамы, талаптары мен параметрлері төленген бүкіл кезеңге тұрақты болып табылмайды және осы Келісімде көзделген тәртіпте Банк тарапынан өзгертілуі мүмкін.
4. Таңдалған Тарифтік жоспарға енгізілмеген қызметтер мен операциялар, егер Шартта немесе осы Келісімде өзгеше көзделмесе, тиісті қызмет көрсетілген немесе операция жасалған күні қолданыста болатын Банктің тарифтеріне сәйкес Клиент тарапынан бөлек төленеді.
5. Тарифтік жоспар Клиенттің барлық ағымдағы және цифрлық банктік шоттарына, сондай-ақ Тарифтік жоспардың қолданылу кезеңінде Клиент ашатын шоттарға қолданылады.
6. Тарифтік жоспарды пайдалану құқығын беру үшін төлем мөлшері және оның қолданылу мерзімі осы Келісімнің №1 қосымшасына сәйкес айқындалады. Төлемді Клиент Тарифтік жоспардың бүкіл қолданылу мерзімі үшін біржолғы тәртіпте жүзеге асырады.
7. Клиент осы Келісімге қол қойғанға дейін Тарифтік жоспардың құны, оның қолданылу мерзімі, сондай-ақ Банктің өзге тарифтік жоспарларына ауысу тәртібі туралы хабардар етілгенін растайды. Осы Келісімге

Соглашение о предоставлении тарифного плана «Forte _____» в рамках Договора №_____от «_____» __года

г._____ «_____» 20___г.

Акционерное общество «ForteBank», именуемое в дальнейшем **«Банк»**, в лице_____, действующего (-ей) на основании доверенности №_____«_____» 20___г. с одной стороны, и_____, именуемое в дальнейшем «**Клиент**», в лице_____, действующего (-ей) на основании_____, с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности – «Сторона» или как упомянуто выше, заключили настоящее Соглашение о предоставлении тарифного плана «Forte _____» (далее – «Соглашение») в рамках Договора №____ от «___» ____ года (далее – Договор), о нижеследующем:

1. В рамках Договора Банк предоставляет Клиенту право пользования выбранным Клиентом тарифным планом **«Forte _____» (далее – Тарифный план),** а Клиент обязуется внести предварительную оплату за предоставление такого права на срок и на условиях, предусмотренных настоящим Соглашением.
2. Состав услуг и операций, специальные тарифы, комиссии, лимиты и иные условия обслуживания в рамках Тарифного плана определяются Тарифным сборником Банка, действующим на дату заключения настоящего Соглашения и размещённым на официальном интернет-ресурсе Банка.
3. Состав услуг, условия и параметры Тарифного плана не являются фиксированными на весь оплаченный период и могут изменяться Банком в порядке, предусмотренном настоящим Соглашением.
4. Услуги и операции, не включённые в выбранный Тарифный план, оплачиваются Клиентом отдельно в соответствии с тарифами Банка, действующими на дату оказания соответствующей услуги или совершения операции, если иное не предусмотрено Договором или настоящим Соглашением.
5. Тарифный план применяется ко всем текущим и цифровым банковским счетам Клиента, а также к счетам, которые будут открыты Клиентом в период действия Тарифного плана.
6. Размер платы за предоставление права пользования Тарифным планом и срок его действия определяются Приложением № 1 к настоящему Соглашению. Оплата осуществляется Клиентом единовременно за весь срок действия Тарифного плана.
7. Клиент подтверждает, что до подписания настоящего Соглашения был проинформирован о стоимости Тарифного плана, сроке его действия, а также о порядке перехода на иные тарифные планы Банка. Подписанием настоящего Соглашения Клиент выражает согласие на подключение Тарифного плана и подтверждает

қол қою арқылы Клиент Тарифтік жоспарды қосуға келісімін білдіреді және оның қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейінгі одан әрі қызмет көрсету талаптарын түсінетінін растайды.

8. Клиенттің бастамасы бойынша Тарифтік жоспардың қолданылуы мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Банк Тарифтік жоспарды қолдануды тоқтатады және Клиентті Тарифтік жоспардың қолданылуы тоқтатылған күннен бастап «Base» тарифтік жоспары бойынша қызмет көрсетуге ауыстырады.

Клиенттің банктік шотына үшінші тұлғалардың талаптарының қойылуы, сондай-ақ уәкілетті органдар енгізген шектеулер мен ауыртпалықтар Тарифтік жоспардың қолданылу мерзімін тоқтата тұруға немесе ұзартуға негіз болмайды.

9. Клиент Тарифтік жоспардың қолданылу мерзімі ішінде Банк белгілеген тәртіпте Банктің өзге тарифтік жоспарына ауысуға құқылы. Жаңа тарифтік жоспар қосылған күннен бастап бұрын қосылған Тарифтік жоспардың қолданылуы тоқтатылады. Ол үшін төленген төлем қайтаруға, қайта есептеуге немесе жаңа тарифтік жоспардың төлемін өтеу есебіне жатқызуға жатпайды. Жаңа тарифтік жоспарды қосу оны қосу күніне қолданыста болатын талаптармен және құнымен жүзеге асырылады.

10. Банк осы Келісімде, Шартта және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзім белгіленбесе немесе қызмет көрсетуді дереу тоқтату қажеттілігі туындамаса, Клиентті Тарифтік жоспарды ұсыну тоқтатылатын күнге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, осы Келісімді біржақты соттан тыс тәртіпте орындаудан бас тартуға құқылы.

11. Осы Келісім Банктің бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Клиенттің Шарттың немесе осы Келісімнің талаптарын бұзуынан немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектеулерден туындаған жағдайларды қоспағанда, Банк Клиентке алдын ала төленген төлемнің пайдаланылмаған бөлігін қайтарады. Қайтарылатын сома Клиент нақты төлеген сома негізінде Тарифтік жоспарды ұсынудың пайдаланылмаған қалған кезеңіне пропорционалды түрде айқындалады.

Қайтару осы Келісім тоқтатылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Келісімде көрсетілген Клиенттің ағымдағы банктік шотына немесе Тараптар келіскен Клиенттің өзге шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

12. Банк Тарифтер жинағына біржақты соттан тыс тәртіпте өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, оның ішінде тарифтік жоспарлардың құрамын, атауын, құнын, комиссияларын, лимиттерін, талаптарын және өзге де параметрлерін өзгертуге, жекелеген тарифтік жоспарлардың күшін жоюға немесе оларды ұсынуды тоқтатуға құқылы. Тарифтер жинағына енгізілген өзгерістер Қазақстан Республикасының заңнамасының, Шарттың талаптарын және онда белгіленген Клиенттерді хабардар ету тәртібі мен мерзімдерін сақтай отырып, Тарифтік жоспарды бұрыннан қосқан Клиенттерге, оның ішінде төленген кезең ішінде де қолданылуы мүмкін. Клиент Тарифтер жинағының өзекті талаптарын өз бетінше

понимание условий дальнейшего обслуживания после окончания срока его действия.

8. В случае досрочного прекращения действия Тарифного плана по инициативе Клиента Банк прекращает его применение и переводит Клиента на обслуживание по тарифному плану «Base» с даты прекращения действия Тарифного плана.

Предъявление к банковскому счёту Клиента требований третьих лиц, а также ограничений и обременений, наложенных уполномоченными органами, не влечёт приостановления или продления срока действия Тарифного плана.

9. Клиент вправе в течение срока действия Тарифного плана перейти на иной тарифный план Банка в порядке, установленном Банком. С даты подключения нового тарифного плана действие подключённого Тарифного плана прекращается. Внесённая за него плата возврату, перерасчёту и зачёту в счёт оплаты нового тарифного плана не подлежит. Подключение нового тарифного плана осуществляется на условиях и по стоимости, действующим для такого тарифного плана на дату его подключения.

10. Банк вправе в одностороннем внесудебном порядке отказаться от исполнения настоящего Соглашения в случаях, предусмотренных настоящим Соглашением, Договором и законодательством Республики Казахстан, уведомив Клиента не менее чем за 5 (пять) календарных дней до даты прекращения предоставления Тарифного плана, если иной срок не установлен законодательством Республики Казахстан или не обусловлен необходимостью незамедлительного прекращения обслуживания.

11. В случае досрочного прекращения настоящего Соглашения по инициативе Банка, за исключением случаев, когда такое прекращение вызвано нарушением Клиентом условий Договора или настоящего Соглашения либо ограничениями, установленными законодательством Республики Казахстан, Банк возвращает Клиенту неиспользованную часть предварительной оплаты. Размер возврата определяется пропорционально оставшемуся неиспользованному периоду предоставления Тарифного плана, исходя из фактически оплаченной Клиентом суммы.

Возврат осуществляется в течение 10 (десяти) рабочих дней с даты прекращения настоящего Соглашения путём перечисления денег на текущий счёт Клиента, указанный в настоящем Соглашении, либо на иной счёт Клиента, согласованный Сторонами.

12. Банк вправе в одностороннем внесудебном порядке вносить изменения и дополнения в Тарифный сборник, в том числе изменять состав, наименование, стоимость, комиссии, лимиты, условия и иные параметры тарифных планов, отменять отдельные тарифные планы или прекращать их предоставление. Изменения Тарифного сборника могут применяться к Клиентам, уже подключившим Тарифный план, в том числе в течение оплаченного периода, с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан, Договора и установленных ими порядка и сроков уведомления Клиентов. Клиент самостоятельно отслеживает актуальные условия Тарифного сборника и принимает решение о дальнейшем использовании Тарифного плана с учётом таких изменений. При несогласии с изменениями Клиент вправе инициировать смену тарифного плана в порядке, предусмотренном настоящим Соглашением. При этом применяются

қадағалайды және осындай өзгерістерді ескере отырып, Тарифтік жоспарды одан әрі пайдалану туралы шешім қабылдайды. Өзгерістермен келіспеген жағдайда, Клиент осы Келісімде көзделген тәртіпте тарифтік жоспарды ауыстыруға бастамашылық жасауға құқылы. Бұл ретте осы Келісімнің 9-тармағында көрсетілген тарифтік жоспарды мерзімінен бұрын ауыстыру талаптары қолданылады.

13. Төленген Тарифтік жоспардың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін, егер ағымдағы төленген мерзім аяқталған күнге дейін Клиент осы Келісімде көзделген тәртіпте басқа тарифтік жоспарды қоспаса және Клиенттің банктік шотында тарифтік жоспарды ұзарту күніне қолданыста болатын тиісті тарифтік жоспардың (мазмұны мен талаптары бойынша сәйкес келетін) талаптары мен құнына сәйкес ұзарту төлемін есептен шығаруға жеткілікті ақша сомасы болған жағдайда, оның қолданылу мерзімі дәл сондай мерзімге автоматты түрде ұзартылады. Клиенттің шотында Тарифтік жоспарды ұзарту төлемін есептен шығаруға жеткілікті ақша сомасы болмаған жағдайда, Тарифтік жоспардың қолданылуы тоқтатыла тұрады және Клиент «Base» тарифі талаптарымен уақытша қызмет көрсетуге ауыстырылады. Банк Клиентке осындай хабарлама жіберілген күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлем енгізу қажеттілігі туралы хабарлама жолдайды. Хабарлама жіберілген сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде төлем жасалмаған жағдайда, Тарифтік жоспардың қолданылуы тоқтатылады, ал Клиентке одан әрі қызмет көрсету қосымша келісім ресімдеуді талап етпей-ақ «Base» тарифінің талаптарымен жүзеге асырылады.

14. Клиент Банкке осы Келісімде көзделген төлемдерді, комиссияларды және Клиенттің Банк алдындағы орындау мерзімі келген өзге де ақшалай міндеттемелерін өтеу есебіне Клиенттің қосымша келісімінсіз немесе өкімінсіз Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан ақшаны сөзсіз және даусыз тәртіпте алып қоюды (есептен шығаруды) жүзеге асыру құқығын береді.

Клиент осы Келісімнен туындайтын Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, Клиент Банкке Банкте ашылған өз банктік шоттарынан оларды дебеттеу жолымен ақшаны сөзсіз және даусыз тәртіпте алып қоюды (есептен шығаруды) жүзеге асыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тәртіпте және шектерде Клиенттің берешегін өндіріп алу үшін қажетті төлем және өзге де құжаттарды банктерге және (немесе) жекелеген банк операцияларын жүзеге асыратын ұйымдарға ұсынуға құқық береді.

15. Осы Келісім Тараптар қол қойған күннен бастап, оның ішінде егер мұндай тәсіл Шартпен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен рұқсат етілген болса, электрондық қол қою құралдарын пайдалану арқылы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді. Тарифтік жоспар осы Келісім күшіне енген күннен бастап қолданыла бастайды.

16. Осы Келісімнің қолданылуы мынадай жағдайларда тоқтатылады:

16.1. Тараптардың кез келгенінің бастамасы бойынша, егер осы Келісімде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше мерзім көзделмесе, Келісімді тоқтатудың болжамды күніне

условия о досрочной смене тарифного плана, указанные в пункте 9 настоящего Соглашения.

13. По истечении оплаченного срока действия Тарифного плана его действие автоматически продлевается на аналогичный срок при условии наличия на банковском счёте Клиента суммы денег, достаточной для списания оплаты за продление в соответствии с условиями и стоимостью соответствующего тарифного плана (соответствующего по наполнению и условиям), действующими на дату продления, если до даты окончания текущего оплаченного срока Клиент не подключил другой тарифный план в порядке, предусмотренном настоящим Соглашением. В случае отсутствия на счёте Клиента суммы денег, достаточной для списания оплаты за продление Тарифного плана, действие Тарифного плана приостанавливается с переводом Клиента на временное обслуживание на условиях тарифа «Base». Банк направляет Клиенту уведомление о необходимости внесения оплаты в течение 10 (десяти) календарных дней с даты направления такого уведомления. В случае отсутствия оплаты в течение 10 (десяти) календарных дней с момента отправки уведомления действие Тарифного плана прекращается, а дальнейшее обслуживание Клиента осуществляется на условиях тарифа «Base», без необходимости оформления дополнительного соглашения.

14. Клиент предоставляет Банку право без дополнительного согласия или распоряжения Клиента осуществлять в безусловном и бесспорном порядке изъятие (списание) денег с любых банковских счетов Клиента, открытых в Банке, в счёт уплаты предусмотренных настоящим Соглашением платежей, комиссий и иных денежных обязательств Клиента перед Банком, срок исполнения которых наступил.

В случае неисполнения или ненадлежащего исполнения Клиентом денежных обязательств перед Банком, вытекающих из настоящего Соглашения, Клиент предоставляет Банку право в безусловном и бесспорном порядке осуществлять изъятие (списание) денег с банковских счетов Клиента, открытых в Банке, путём дебетования таких счетов, а также предъявлять в банки и (или) организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций, платежные и иные документы, необходимые для взыскания задолженности Клиента, в случаях, порядке и пределах, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

15. Настоящее Соглашение вступает в силу с даты его подписания Сторонами, в том числе с использованием электронных средств подписания, если такой способ допускается Договором и законодательством Республики Казахстан. Тарифный план начинает действовать с даты вступления настоящего Соглашения в силу.

16. Действие настоящего Соглашения прекращается:

16.1. по инициативе любой из Сторон при условии направления другой Стороне письменного уведомления не менее чем за 5 (пять) календарных дней до предполагаемой даты прекращения Соглашения, если иной срок не предусмотрен настоящим Соглашением или законодательством Республики Казахстан.

16.2. в случае прекращения действия Договора. При этом расчёты между Сторонами, связанные с досрочным прекращением настоящего Соглашения, осуществляются в соответствии с его условиями.

16.3. по инициативе Банка в случае несоответствия Клиента и (или) осуществляемой им деятельности

дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын екінші Тарапқа жазбаша хабарлама жіберілген жағдайда. 16.2. Шарттың қолданылуы тоқтатылған жағдайда. Бұл ретте осы Келісімнің мерзімінен бұрын тоқтатылуына байланысты Тараптар арасындағы есеп айырысулар оның талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. 16.3. Банктің бастамасы бойынша, егер Клиент және (немесе) оның қызметі Банк белгілеген тиісті тарифтік пакетті пайдалану талаптарына сәйкес келмесе, Банк Клиентті Келісім тоқтатылатын күнге дейін кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын хабардар ете отырып, осы Келісімді тоқтатуға құқылы. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге мерзім көзделсе, сол мерзім қолданылады. 17. Осы Келісімде реттелмеген мәселелер бойынша Тараптар Шартты, Банкте банктік шоттарды ашудың, жүргізудің және жабудың жалпы талаптарын, Банктің Тарифтер жинағын және Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады. Осы Келісім мен көрсетілген құжаттар арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Тарифтік жоспарды пайдалану құқығын ұсыну талаптарына қатысты бөлігінде осы Келісімнің ережелері қолданылады.	критериям применения соответствующего тарифного пакета, установленным Банком и доведённым до сведения Клиента, при условии уведомления Клиента не менее чем за 5 (пять) календарных дней до даты прекращения Соглашения, если иной срок не предусмотрен законодательством Республики Казахстан. 17. Во всём, что не урегулировано настоящим Соглашением, Стороны руководствуются Договором, Общими условиями проведения операций, открытия, ведения и закрытия банковских счетов в Банке, Тарифным сборником Банка и законодательством Республики Казахстан. В случае противоречия между настоящим Соглашением и указанными документами применяются положения настоящего Соглашения в части условий предоставления права пользования Тарифным планом, если иное не предусмотрено законодательством Республики Казахстан.
Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері / Юридические адреса и реквизиты Сторон:	
БАНК «_____» АҚ/ АО «_____» _____ БСН/ БИН _____ БСК / БИК_____ БеК / КБЕ 14	**КЛИЕНТ** «_____»/ «_____» _____ Телефоны _____ БСН/БИН _____ ЖСК / ИИК KZ_____ БСК / БИК _____ БеК / КБЕ ___
Тараптардың қолдары / Подписи Сторон:	
«_____» АҚ/ АО «_____» _____ (ТАӘ, лауазымы/ ФИО, Должность) МО/ МП	**Клиент** _____ _____ (ТАӘ, лауазымы/ ФИО, Должность) МО/ МП (бар болса/при наличии)

_____ жылғы №_____ шарт шеңберіндегі
«Forte _____» тарифтік жоспарын ұсыну туралы келісімге
1-қосымша

Заңды тұлғаларға (банктерді қоспағанда) және олардың оқшауланған бөлімшелеріне (филиалдар мен өкілдіктерге), жеке кәсіпкерлерге, жекеше нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға, шаруа және фермер қожалықтарына, шетелдік дипломатиялық және консулдық өкілдіктерге (бұдан әрі – Клиенттер) арналған
«FORTE _____» ТАРИФТІК ЖОСПАРЫ

Операция түрі	Тариф	Ескертпе
Клиенттің ағымдағы банктік шоттарын жүргізу (2026 жылғы «22» мамырдағы Коммерциялық Дирекцияның шешіміне 1-қосымшада қарастырылған қызметтер /операциялар кіреді)	**_____ (_____) теңге (соның ішінде ҚҚС)** □ **1 ай** □ **3 ай** □ **6 ай** □ **12 ай**	Тариф мөлшері таңдалған тарифтік жоспарға және оның қолданылу мерзіміне сәйкес айқындалады.

Клиент:

_____
(ТАӘ, лауазымы)

Банк:

_____
(ТАӘ, лауазымы)

Приложение 1
к Соглашению о предоставлении тарифного плана «Forte _____»
в рамках Договора
№_____ от _____г.

ТАРИФНЫЙ ПЛАН «FORTE _____»
для юридических лиц (за исключением банков) и его обособленных подразделений (филиал и представительство), индивидуальных предпринимателей, частных нотариусов, частных судебных исполнителей, адвокатов, профессиональных медиаторов, крестьянских и фермерских хозяйств, иностранных дипломатических и консульских представительств (далее - Клиенты)

Вид операции	Тариф	Примечание
Ведение банковских текущих счетов Клиента (включает в себя услуги/операции, предусмотренные в Приложении 1 к решению Коммерческой Дирекции от «22» мая 2026 года)	**_____ (_____) теңге (в том числе НДС)** □ **1 месяц** □ **3 месяца** □ **6 месяцев** □ **12 месяцев**	Размер тарифа определяется согласно выбранному тарифному плану и сроку его действия.

Клиент:

_____
(ФИО, должность)

Банк:

_____
(ФИО, должность)